

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай балабақшысы
Кіші «Лалагүл» тобы

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Алтын күз»



Тәрбиешілер: Абдираева Н
Ергешбаева З

2021-2022ж

Алтын күз

Максаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық,
Бармысыздар, халайық!
Күзгі тойды жұп жазбай,
Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға ортаңғы «Ботақан» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.)



Ән: «Алтын күз»
Сөзі мен әні: Бота Бейсенова.

Ортаға жемістер мен көкіністер шығып өздері туралы тақпақтар айтып береді:

Тақпақ:

Дөп дөнгелек сап-сары,
Ішінде бар дәні.
Қызығасын көріп,
Менің атым өрік.

Тақпақ:

Пісіп тұрған алмамын,
Тамсандырар бал дәмім.
Жерге сілкіп түсірме,
Ісіп кетер маңдайым.

Тақпақ :

Өсіретін бойынды,
Дамытатын ойынды.
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз, тәттіміз.

Тақпақ:

Асханадан шықпаймын,
Атым пияз, бұқпаймын.
Көзден жасты шығарам,
Тұмаудан бірақ, сақтаймын.

Тақпақ:

Картоп біздің атымыз,
Жер астында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз.

Тақпақ:

Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол мен қызанақ,
Күнге қарап ұялып.

Тақпақ:

Мен моншақты шиемін,
Құмарсындар білемін.
Кетіп қалып жүрмесін,
Тамағыңа сүйегім!



Тақпақ:

Бүгін мейрам, бүгін той
Қуанышты күн біліп қой
Күзгі бақтай сыңғырлап
Алақанды соғып қой деп, — биімен ортаға ұлдарды шақырамыз.

Би: «Кап кап –тук тук»

Жарайсындар балалар бір тынығып алдық. Балалар «Алтын күз» мерекесіне жиналды. Ата –аналарымызда келді. Бірақ бізде кім жетіспейді. Сендер білесіңдерме ол кім?

Балалар : Ол күз ханшайымы.

Жүргізуші: Ендеше күз ханшайымын шақырайық.

(Сиқырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

Күз ханшайымы: Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл жарқын күз.
Сары алтынға малынған,
Мен Күз ханшайымымын,
Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

— Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

Жүргізуші: — Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз! Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Ендеше біздің балаларымыздың аналары жасаған күздік киім үлгілерін тамашалайық. Қарсы алыңыздар!

Жүргізуші: Балалардың дайындаған тақпақтарың тыңдаңыз:



Тақпақтар:

1. Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет тамаша,
Қандай әсем күз.

2. Күз келгенде тамаша,
Ән саламыз жараса.
Жеміс - жидек піскенде,
Жейміз оны таласа.

3. Алақай, алақай!
Шаттанады балақай.
Береке - салтты күз,
Мереке - алтын күз.

4. Көрініп еліме,
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме,
Күз дейтін мереке,

5. Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болыңдар балалар!(Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Лалагүл» кіші тобының «Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

«Лалагүл» кіші тобы



Ертеңгілік

Тақырыбы: « Кел Жаңа Жыл-Жаңа Жыл»

Тәрбиеші: Абдираева Н.Л.

Ергешбаева З.

2021 жыл.



Кел жаңа жыл , жаңа жыл.

Балалар әсем безендірілген саз бөлмесіне қол ұстасып келеді. Ортада түрлі ойыншықтар ілінген әсем шырша тұр.

Балалар әсем әуенмен шыршаны айлана жүреді.

Жүргізуші.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы ,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн,

Қанаттана кең алқапқа тарайды.

Міне сұлу шыршамыз ,көптен күтіп сағынған

Жаңа жылмен құттықтаймыз бәріміз.

Балалардың жаңа жылға арналған әнін тыңдаймыз.

Ән.Шыршаға бардым.

Балалар орындыққа қатарласа отырады.

Жүргізуші.

Әсем шыршаға арналған тақпағымызды айтайық.

Бізбен бірге жайдары

Жарқырайды жайнайды. П.Айлин.

Келіңіздер көріңіздер

Би де билеп беріңіздер. Ж. Нұржас.

Қызығы мол жаңа жылдың
Тамашасын көріңіздер. М. Медина.

Шыршамыз тұр ортада
Оған шашу шашайық. Т. Мәриям.

Жарайсыңдар балалар өте жақсы айттыңдар.
Музыка әуенімен залға Түлкі мен Қасқыр келеді.

Қасқыр .
Армысыңдар , бармысыңдар ағайын,
Қане құшақ ашайық.

Достық тойын жасайық.

Осы шудан аю оянып кетті.

Аю.

Жаңа жылдың алдында

Тойды еске алдымда.

Ұйқымды ашып сергідім

Ұйықтамаймын мен бүгін

Жылды қарсы алайық

Би билеп ән салайық.

Аманба түлкі кел мұнда.

Түлкі.Аю паңға бір сәлем ,Қасқыржанға бір сәлем.

Достарым, жыл келеді

Сыйлығын ол береді

Айлакер қу түлкінің

Өнерін жұрт көреді

Тауып өз сыңарымды

Тайсалмай биге түсіп,

Тарқатам құмарымды.

Би. Аңдар биі.

Жүргізуші.рахмет Аю аға ,рахмет Қасқыр аға ,Түлкіжан саған
да көөп рахмет.

Түлкіжан жүрген жерің күлкілі ән.

Балалар бүгінгі мерекенің қонағы Аяз атамыз қайда екен
қане бәріміз шақырайық.

Аяз Ата Қарша қыз,Аяз Ата Қарша қыз.

Ортаға Аяз ата мен Қарша қыз келеді.

Аяз Ата.

Ау, амансың ба ұлдарым ?

Амансың ба қыздарым?

Қандай жарқын жүздерің

Қандай асем жырларың

Асулармен алысқан

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан.

Ақшақар:

Достарыма баптап

Мен айтамын тақпақ

Жаңа жылдың жаршысы

Ақшақармен аппақ

Жүргізуші:

Қош келдіңіз Аяз ата, қош келдіңіз ақшақар. Балаларымыз сіздерді асыға күтіп отыр еді.

Балардың әнін тыңдайық.

Ән. Топ Топ.

Аяз Ата.

Рахмет баларапым әндерің әдемі екен.

Жүргізуші. Балалар жаңа жылымыз құтты болсын .

Жаңа жылды қарсы алып

Жасаймыз біз жылда той.


Жарқын жарқын ән салып,
Жалғасады Жылға жыл.

Ақшақармен би.

Ақшақарлар биі.

Жүргізуші. Жарайсыңдар балалар, сендерге көп-көп рахмет
өте талантты балалар екенсіңдер.

Аяз ата дорбасынан барлық балаға сыйлық таратады.





Шымкент қаласы

№53 «Ер-Асыл» бобекжайы бақшасы

Мерекенмен анашым



Тәрбиешілер: Абдираева Н

Ергешбаева З

2021-2022 оқу жылы



Мерекеңмен анашым

Нұрғізуші: Армысыздар құрметті қонақтар ақжаулықты аналар ұжымдастар және кішкентай бүлдіршіндер Көктемнің алғашқы шуақты күнімен бірге халық аралық әйелдер мерекесі құтты болсын. Аспанымыз ашық жүздеріңіз жарқын болсын. Отбасыларыңызға амандық тілейміз. Бүгінгі Лалагүл кіші тобының .

“Мерекеңмен анашым атты мерекемізге қош келдіңіздер”.

Ән. Нұрын төккен маған.

Ән маржанын шашайық—деп бүгін бүлдіршіндеріміздің аналарына арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар

Бәрімізге анасың

Біз үшін күн боп жанасын. М.Альтайр.

Құтты болсын мейрамын

Құттықтаймын анашым. Н Арай.

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз. Д. Ибрахим.

Анамыздан тарайды

Біздің ана тіліміз. М .Нұрасыл.

Би. Қуыршақ.

Әжем менің ақ әжем

Аппақ әжем пәк әжем.Т. Мәриям.

Басқалардай емессіз

Сүйкімдісіз ақ әжем.И.Рамазан.

Балапаным күнім деп,

Ыстық сөзді табасың.Қ Алфараби.

Қашанда сен күлімдеп

Қарсы аласың анашым.Қ.Альтайр.

Аналарды сүйеміз

Сөзін ойға түйеміз.М.Медина.

Әжені де ардақтап

Әдеппен бас йеміз.А Адайбай.

Би. Көктем биі.

Жүргізуші: Мейірімді сымбатты

Қадірменді Қымбатты

Ең жақын жан балаға

Кім десеңіз ол Ана

Залға музыка мен қызыл телпек келеді

Қызыл телпек:сәлеметсіңдерме балалар.Мен балабақшадан әдемі әуән естідім кіре кетуді дұрыс деп санадым.мен де анамды әжемді құттықтап сыйлық беруім керек.

Жүргізуші:Әжеңді міндетті түрде Құттықтайсын ұзақ жолдан
шаршадың ғой кішкене демал.Біздің мерекемізді тамашала

Қызыл телпек:Иә дұрыс демалайын

Балалар сендер тақпақ айталасындарма?Мен де әжеме тақпақ
жаттап алайын

Жүргізуші:Қызыл телпек онда мұқият тыңда мүмкін есіңе сақтап
әжеңе айтып берерсін

Тақпақ

Сегізінші наурыз күні

Мейрамдайды аналар

Аналардың шаттығын

Құттықтайды балалар

Менің әжем мейірбан

Мені жақсы көреді

Қажетіне жарасам

Жас балаша күледі

Көктем келді бүгін

Күнім төкті нұрын

Сайрап барлық құстар

Ән салуға құштар



№53 «ЕР-АСЫЛ» б/б

Қош келдің Наурыз

Лалагүл кіші тобы



*Тәрбиешілер: Абдираева Н
Ергешбаева З*

2021-2022 оқу жылы



ҚОШ КЕЛДІҢ ӘЗ Наурыз. ЛАЛАГҮЛ КІ ШІ ТОБЫ.

Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні -Наурыз мерекесімен таныстыру.

Балаларды ата бабамыздың салт дәстүрлерімен таныстыру.

Наурыз мейрамын ұлыстың ұлы күні ретінде барша ел тойлайтынын түсіндіру.

БАЛАЛАР ӘСЕМ БЕЗЕНДІРІЛГЕН САЗ БӨЛМЕСІНЕ КҮЙ ӘУЕНІМЕН КЕЛЕДІ.

ЖҮРГІЗУШІ.

НАУРЫЗДЫ ХАЛҚЫМЫЗ,

ЖЫЛ БАСЫ ДЕП САНАЙДЫ.

КӨНЕРМЕГЕН САЛТЫМЫЗ,

КӨП ЕЛДЕРГЕ ТАРАЙДЫ.

Ән. Наурыз.

Жүргізуші.

Ақ түйенің қарны жарылған күн

Өкпе нала болса ,егер арылған күн

Наурыз көже әр үйден дәмін татып

Ақ дастархан кеңінен жайылған күн.

Ән. Көктем келді.

Көктем келді, көктем келді сағына

Бүршік атты алма ағаштар бағымда

Біздің үйге ұя салды ,алақай

Былтыр кеткен қарлығаштар тағыда.

Дала гүлге оранады

Түрлі түске боянады

Нұрлы көтем келген кезде

табиғатта оянады. 2рет.

Көктем келді, көктем келді, далама

Қуанып жүр ата-ана балада

Қар мұз еріп,жылғалардан су ағып

Үйрек қаздар жайылып жүр жағада

Дала гүлге оранады

Түрлі түске боянады

Нұрлы көктем келген кезде

Табиғатта оянады.2рет.

Жарайсыңдар балалар енді тақпақтарымызды айтайық.

ТАҚПАҚТАР.

НАУРЫЗ КЕЛДІ ЕЛІМЕ

НАУРЫЗ КЕЛДІ ЖЕРІМЕ

БҮКІЛ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ Айлин.

НАУРЫЗ АЙЫ НҰР АЙЫ

НАУРЫЗ АЙЫ ГҮЛ АЙЫ. М.Альтайр.

УА ХАЛАЙЫҚ ХАЛАЙЫҚ

НАУРЫЗ АЙЫН КӨҢІЛДІ

БІРГЕ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ Т. Хан.

БАЙЛЫҚ БАҚЫТ ТІЛЕЙМІН

БҮКІЛ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ. Н. Арай.

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН

ДАСТАРХАНЫҢ МОЛ БОЛСЫН. М.Медина.

НАУРЫЗ ТОЙЫҢ, НАУРЫЗ ТОЙЫҢ

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ХАЛАЙЫҚ. Қ.Алфараби..

КҮЙ ТӨГІЛСІН, КҮЙ ТӨГІЛСІН,

ШЫРҚАП ӘНГЕ САЛАЙЫҚ. Т. Мәриям.

НАУРЫЗ ШАТТЫҚ ӘНІМІЗ

САЛТАНАТТЫ СӘНІМІЗ

БИ БИЛЕЙМІЗ БӘРІМІЗ. А.Ерқанат.

ННАУРЫЗ ЖЫЛ БАСЫ

БАТА СҰРАР ҮЛКЕННЕН АУЫЛ ЖАСЫ. Е.Дария.

ӘН.

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ ДӘСТҮРІНЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП ТҰСАУ КЕСУ.

Жібек естім ,теңге тестім

Жүйрік бол деп тұсау кестім.

Бастың қадам, бол жақсы адам,

Ел –жұртыңа болсын бағаң.

Тұсауыңды кескен күн,

Құттыболғай дескен күн.

Ата-анаңның көңілі,

Көкке жете өскен күн.

Лалагүл кіші тобының тәрбиеленушісі Өмірзақ Адияның тұсау кесу рәсімін көрсету.

